Қазақстан Республикасының "Азаматтық Қорғанысы" туралы 11.04.2014 жылғы №118-v заңына және Ақтөбе қаласының Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының 07.09.2021 жылғы №21-04-7/1674 хатына сәйкес 2021 жылдың 24 қыркүйегінде №39 ҚОЖББМ-де "Төтенше жағдай кезінде ғимараттан жедел шығу" оқу-жаттығуы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CUOxCGLjb_r/

Оқу жылының 13 – қыркүйек күні мектеп инспекторы Дауренбек Ермағамбетов мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілер тобы арасында «Жасөспірім» жедел алдын – алу шарасы аясында құқықбұзушылық тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ жаңа басылымы «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...» кітабын талдау бағытында мектеп кітапханасында 10 А -класс оқушыларымен дөңгелек стол ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CVAGHTmMiZa/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CVNrR1DMUPe/?img_index=2

"Қош келдің Алтын Күз - 2021"атты тәрбие іс - шарасы аясында, бастауыш класс оқушылары "Алтын Күз» тақырыбында қолөнер жұмыстарын жасады.

https://www.instagram.com/p/CVApZ2DsrKN/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CVCkjESMJCR/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CVClP94stxE/

https://www.instagram.com/p/CVKw9RiM2OM/

https://www.instagram.com/p/CVNXdAksTPW/?img_index=2

«КҮЗ БЕЙНЕСІ» Фотосурет байқауы

https://www.instagram.com/p/CVC0jpcssxZ/

https://www.instagram.com/p/CVLNIQ-MrPa/

18 – қыркүйек күні жылдағы дәстүр бойынша мектебімізде «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» акциясы ұйымдастырылды.

2021 – 2022 оқу жылының 1 – қазан күні «Қарттар күні» мерекесіне орай мектебіміздің жас ұстаздары, «Адал ұрпақ» еріктілір тобы мүшелері ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтап барып, ыстық алғыстарына бөленді.

2021 – 2022 оқу жылының 05 – қазан күні мектеп қызметкерлері арасында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу» мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, хабарлама парақтары таратылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу мақсатында мектебімізде 13 – қазан күні 7 – 8 класс оқушылары арасында ***ZOOM*** платформасы арқылы «Жемқорлықсыз ел, гүлденген ел» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. **МАҚСАТЫ:** оқушы бойындағы адалдық,жауапкершілік,адамгершілік құндылықтарды арттыру.2021 – 2022 оқу жылының 20 – қазан күні МКК «Облыстық ЖИТС алдын – алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» ШЖҚ маманы Матаева М.К. мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, жоспарлы түрде «АИТВ –

жұқпасының алдын – алу», «Электронды темекінің зияндылығы» тақырыбы бойынша «Адал Ұрпақ» еріктілер тобының мүшелері, 8 – 9 – 10 класс білім алушыларымен кездесу өткізілді.

Оқу жылының 21 – қазан күні мектеп мәжіліс залында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ тапсырысы бойынша «Адал Ұрпақ» еріктілер тобының мүшелері, 7 – 8 класс қыз балаларымен ZOOM платформасы арқылы «Қызым саған айтам» тақырыбында онлайн кездесу өткізілді. Кездесуді «Отбасын сақтау орталығының» кәсіби медиаторы маманы – Лакова Тансулу Загитовна өткізді.

2021 – 2022 оқу жылының 23 – қазан күні мектебімізде «Адал Ұрпақ» еріктілер тобының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Қайырымдылық – ізгіліктің нақты көрінісі, адамның асыл қасиеттері екенін насихаттау» мақсатында қала мектептері арасында «Жүректен жүрекке» атты волейболдан қайырымдылық акциясы өткізілді.

Мектебімізде 2021 – 2022 оқу жылының 02.09.2021 – 30.12.2021ж аралығында Тәуелсіздікке 30 жыл «30 қайырымды іс» акциясы аясында **«Жылы жүрек – жомарт қол»** акциясы өткізілді. **МАҚСАТЫ:** Қайырымдылық – ізгіліктің нақты көрінісі,адамның асыл қасиеттері екенін насихаттау;Мұқтаж жандарға қайырымдылық пен рухани демеу беру;Акция барысында 46026 теңге жиналып, сол ақшаға тұрмыстық жағдайлары төмен 3 отбасыға азық – түлік жағынан көмек берілді. 28 – қазан күні мектеп әкімшілігі тарапынан 9 – 10 класс «Адал ұрпақ» еріктілер тобына «Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2021 – 2022 оқу жылының 6 – қараша күні мектебімізде «Адал ұрпақ» еріктілер тобы арасында мектеп инспекторы «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.2021 – 2022 оқу жылы барысында «ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛА» атты донорлық қан тапсыру акциясы аясында донор бола отырып, бірнеше адамдардың өміріне араша түсетін игі жақсылықтардың дәлелі ретінде мектебіміздің ерікті мұғалімдері де осы акцияға өз үлестерін қосты.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер тобынан құралған волейбол командасы №38 орта мектебінің оқушыларымен жолдастық кездесу өткізді.
21 қараша күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебіміздің «Адал ұрпақ» еріктілер тобынан құралған баскетбол командасы №27 орта мектебінің оқушыларымен жолдастық кездесу өткізді.
Қараша айының 10 – күні Ауған соғысының ассоцациясының мүшелері және қарулы күш ардагерлері Айжанов Жалғас пен Кубегенов Сапарбек «Біртұтас ұлт – біртұтас әскер» бағдарламасы бойынша жастарды әскери – патриоттық тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері 8 – 9 класс білім алушыларымен кездесу өткізді.

**20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» республикалық айлық негізінде «**Бала және оның құқығы» 9-11 класс оқушылары**,**«Өзіңді тани білесің бе?» 7-8 класс оқушылары,«Бала құқығы туралы конвенциясы» 7-11 класс оқушылары**,**Бала тәрбиесінде ата-аналарға психологиялық кеңестер, "Түнгі қаладағы балалар»кешкі рейді , «Бала тәрбиесіндегі ана мен әкенің рөлі»,«Бала өміріндегі ғаламтордың зияны»тақырыбында іс-шаралар жоспарланып өткізілді.
1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне **«Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы»** атты тәрбие іс-шаралар апталығының жоспары бойынша «Тәуелсіздіктің жеті қыры»циклі «Бір ел,бір тағдыр» ***деректі фильмін көрсету*** «Тәуелсіздіктің жеті қыры»циклі «Бір ел,бір тағдыр» эссе байқауы ,«Тәуелсіздіктің жеті қыры»циклі «Бір ел,бір тағдыр»«Елбасы еңселеткен Елорда», «Қазақстанның ядросыз мемлекетке айналыуындағы Тұңғыш Президент -Елбасының ролі»тақырыбында «Елбасы салған сара жол»,«Елбасым – тірегім»,«Елбасы - ел тірегі»,«Жас Ұлан» ұйымының қатарына мүшелерді қабылдау«Бақытты балалық шақ»,Президент күніне арналған «Тоғызқұмалақ» мектеп біріншілігі ұйымдастырылды. 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы!» атты тәрбие іс-шаралар апталығының аясында бүгін 10 – 11 класс оқушыларына «Тәуелсіздіктің жеті қыры» циклы «Біл ел – бір тағдыр» атты деректі фильм көрсетілді.

https://www.instagram.com/p/CWxqAIbsQUC/?img_index=2

Бүгін «Білімге құштар мектеп» жобасы аясында «English club» әдеби клубының кезекті отырысы өтті. Отырыс барысында 7 – 9 класс оқушылары арасында «SPELLING BEE» атты сайыс өткізілді. Білім алушылар өз білімдерін 3 айналым бойынша сынады:

https://www.instagram.com/p/CWx6bJ3MCHt/?img_index=2

1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы!» атты тәрбие іс-шаралар апталығының аясында бүгін мектеп кітапханасында «Елбасы – Ел тірегі» атты көрме жасақталып, библиографиялық шолу ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CW5V9Boj9OW/

1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы!» атты тәрбие іс-шаралар апталығының аясында №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Елбасы еңселеткен Елорда» тақырыбында танымдық сабақтар, «Қазақстанның ядросыз мемлекетке айналуындағы Тұңғыш Президент – Елбасының ролі» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CW5oaLcMg29/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CW5r4M-MOEw/?img_index=2

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында 16.11.2021-16.12.21ж. аралығында өткізілетін айлық іс-шаралар жоспары бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік – киелі құндылық» атты ағылшын тілінде өлең оқу челленджі өткізіліп жатыр.

https://www.instagram.com/p/CW-N-4Ajhuy/

https://www.instagram.com/p/CXBC404DScT/

4-желтоқсан мектебімізде Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» апталығының аясында «Мен елімді сүйемін» атты париоттық әндер байқауы өтті.

https://www.instagram.com/p/CXD6x1RD4TY/

https://www.instagram.com/p/CXEBuNaMfoI/?img_index=2

6-желтоқсан "Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық" КММ теологы Мейрамбек Жұмабаев мектебіміздің 8-9 класс оқушыларымен «Дін және жастар» тақырыбында кездесу өткізді.

https://www.instagram.com/p/CXIa07Ssnn2/

Мектебімізде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қалалық «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» атты патриоттық ән байқауы өтті. Байқауға Ақтөбе қаласының «Астана» ауданы мектептерінің оқушылары қатысты.

https://www.instagram.com/p/CXOYXs-j8c7/

Қалалық "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!" атты патриоттық ән байқауы

https://www.instagram.com/p/CXOhNWuDaO4/

https://www.instagram.com/p/CXOkPEKjCtl/

**«Музей сабақтары»жобасы аясында** 15.12.2021 ж күні мектебіміздің 7 – 9 класс білім алушыларынан құралған еріктілер тобы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық» мерекесіне арналған атты іс – шаралар аясында облыстық тарихи - өлкетану мұражайына саяхатқа

барды. **МАҚСАТЫ:** Білім алушылардың білім қоржындарын туған өлке тарихы мен мұралары жайында мағлұматтармен толықтыру

2021 – 2022 оқу жылының 25 – желтоқсан күні 5 – 6 класс білім алушыларымен облыстық өнер музейіне саяхат ұйымдастырылды. **МАҚСАТЫ:** Мектеп оқушыларының рухани – танымдық көзқарастарын байыту, жауапкершілік, адалдық, өнерге деген құштарлық қасиеттерін дамыту болып табылады.
Ақпан айының 2 – і күні мектебіміздің 5 – 9 класс білім алушыларынан құралған еріктілер тобы «Алтын діңгек, жайсаң өлке, атамекен – Қазақстан» атты іс – шаралар аясында ӨЛКЕТАНУ мұражайынасаяхатқа барды.

25 – желтоқсан күні 5 – 6 класс білім алушыларымен облыстық өнер музейіне саяхат ұйымдастырылды. Жетекшілік еткен жауапты маман,технология пәні мұғалімі: И.Н.Бижанова **МАҚСАТЫ:** Мектеп оқушыларының рухани – танымдық көзқарастарын байыту, жауапкершілік, адалдық, өнерге деген құштарлық қасиеттерін дамыту болып табылады.
29 – қаңтар күні мектебіміздің еріктілер тобы қала көшелерінде ауыр қолдорба көтерген адамдарға көмек қолын созып, ыстық ықыластарына бөлінді.

2021 – 2022 оқу жылының 07 – ақпан күні Мектебіміздің жас ұстаздарынан құрылған еріктілер тобы «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы аясында 7 – ақпан күні «Үміт» балалар үйіне барып, балаларға қажетті заттарды табыс етті.
2021 – 2022 оқу жылының 8 – ақпанында мектебіміздің еріктілер тобы қолдарына күрек алып, мектеп ауласын қалың қардан тазалады.Бұл жасаған игі істері кішкене болсада үлкен көмекке татитындай болды. 2021 – 2022 оқу жылының 25 – ақпан күні мектебіміздің кітапханасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында 10 – класс оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында сыбайлас жемқорлық, оның себеп – салдарын, қылмыстық құқықбұзушылықтарды болдырмау бағыттарына түсінік берілді. Сәуір айының 16 – і күні мектебіміздің ер мұғалімдерінен құралған еріктілер тобы сенбілікке шығып мектеп ауласын және айналасын қыстан қалған қоқыстардан тазалауға кірісті. Қоқыстарды жинап қоқыс жәшіктеріне апарып салды. Осылай кішкене болса да қаламыздың тазалығына өз үлестерін қосты.

5 – мамыр күні қарулы күштердің мәртебесін арттыру мақсатында және ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына, ҰОС Жеңістің 77 жылдығына орай мектебіміздің еріктілер тобынан құралған білім алушылары Ауғаныстан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Еренов Бекболат Бектілеуовичпен кездесті. Кездесу барысында Бекболат бектілеуович білім алушыларға соғыс кезінде өзінің басынан өткізген оқиғаларды баяндады, білім алушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

2021 – 2022 оқу жылының 11 – 13 мамыр аралығында Ақтөбе облысы Байғанин ауданында өткен облыстық өрт сөндіру – құтқару спорты бойынша жасөспірімдер арасындағы чемпионатқа мектебіміздің еріктілер тобы қатысты. Облыс бойынша чемпионатқа барлығы 14 топ қатысып, соның ішінен біздің мектеп командасы 4 орынға ие болды. Сайысқа қатысқан барлық оқушылар алғыс хаттар және шағын сыйлықтармен марапатталды.

Осы өткізілген іс – шаралардың бәрінің де мақсаты мектепте аса өнегелі,жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру болып табылады.
2021 – 2022 оқу жылының 6 – желтоқсан күні «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталық» КММ теологы Жұмабаев Мейрамбек мектебіміздің 8 – 9 класс білім алушыларымен «Дін және жастар» тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында деструктивті діни ағымдардан сақтанудың жолдары, ұлттық құндылықтардың дәстүрлі дінмен сабақтастығы, діни экстремизм мен терроризмнің қоғамға қауіптілігі жөнінде ақпараттар берілді. Сонымен қатар экстремистік және лаңкестік әрекеттерге шақыратын аудио, бейне мәтіндік материялдарды ғаламтор – ресурстарында, әлеуметтік желілерде таратудың жауапкершіліктері туралы түсіндірілді. Ақпан

айының 25 – і күні 7 – класс білім алушылары арасында қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы «Сыбайлас жемқорлыққажол жоқ» тақырыбында диктант,эссе жұмыстары жүргізілді.Мақсаты: Білім алушылар бойындағы адалдық,шыншылдық,адамгершілік қасиеттерді нығайту және дамыту болып табылады.25 мамыр күні **«Жас түлек – жаңа Қазақстан ертеңі» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.** Салтанатты жиынның құттықтауы және республикалық, облыстық,қалалық байқаулардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі құрметті қонақ Ақтөбе қаласы«Астана» ауданының әкімі Аққағазов Мамырғали Досқұлұлына сөз берілді.Салтанатты жиын мектеп түлектерінің музыкалық сәлемдемелерімен жалғасты.

Мемлекет басшысының "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстан – зайырлы мемлекет» тақырыбында мектебіміздің 9-11 класс оқушылары диктант жазды.

https://www.instagram.com/p/CXTTWBLsfil/

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ақтөбе қаласының білім бөлімі мен №73 жалпы білім беретін орта мектебі қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына арнап, қалалық «Отан деген – маған да, саған да Ана!» атты байқау өткізді.

https://www.instagram.com/p/CXVXLb7MrWC/?img_index=2

Батыс Қазақстан медицина университетінің студенттері мектебіміздің 6- класс қызбалаларымен кездесіп, жеке бас гигиенасы жөнінде кеңестер берді. Оқушылар өз сұрақтарына толыққанды жауап алды.

https://www.instagram.com/p/CXbHNk8swij/?img_index=2

11.12.2021 ж. жоспар бойынша Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойына орай мектебіміздің “Жас экскуровод” үйірме білімалушыларына "Тәуелсіздік- мәңгілік елдің тұғыры" тақырыбында мерекелік кеш өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CXbcHJJMumC/?img_index=2

Мектебімізде "Тәуелсіздік" тақырыбында класс сағаттары өткізіліп жатыр.

https://www.instagram.com/p/CXbvNbMMN99/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CXeFZuAshxl/?img_index=2

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіздік – Мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында өткізілетін айлық іс-шаралар жоспарына сай, жаратылыстану бірлестігінің пән мұғалімдері «Гүл отырғызу – ғаламшарды кеңейту» қайырымдылық акциясы барысында мектебімізге ҚҰРМА дәнінен егілген гүлдер тарту етті. Құрма дәндерін оқушылар мұғалімдердің бағыт беруімен егіп, өсіріп, баптап, осы мереке қарсаңында ұсынды.

https://www.instagram.com/p/CXdjBJ9jQJ9/

5-6 класс оқушылары «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды. Оқушылар туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін тағып, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ережесін бұлжытпай сақтауға ант берді.

https://www.instagram.com/p/CXdqTz8sWpp/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CXdsbWWMoxo/?img_index=2

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында өткізілетін айлық іс-шаралар жоспары аясында мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік тұғыры биікте» атты көрме жасақталып, 2 а класс оқушылары арасында библиографиялық шолу өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CXduOWosoGb/?img_index=2

2-класс оқушылары «ЖАС ҚЫРАН» қатарына қабылданды. Білімалушылар туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін тағып, салтанатты түрде ант берді.

https://www.instagram.com/p/CXd4_x3M_Ga/?img_index=2

Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, Елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында бүгін 10 “б” класында «Тәуелсіздік-аңсап жеткен, мәңгілік ел арманы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

https://www.instagram.com/p/CXd93nosvFg/?img_index=2

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесінің мектеп жоспарына сай 7, 9-класс оқушылары облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхатқа барды.

https://www.instagram.com/p/CXgOM_jMzRN/?img_index=2

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің оқушылары «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты мерекелік концерт ұсынды. Бүгінгі концерт Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналып өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CXgUn3NjfbD/

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің мектепалды даярлық топтарында балаларға патриоттық тәрбие беру, отанды сүюге баулу мақсатында «Елімнің еркіндігі - ТӘУЕЛСІЗДІК» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CXgiVfmgvc4/

https://www.instagram.com/p/CXiFBdEDwVs/

https://www.instagram.com/p/CXiG0ONssZZ/?img_index=2

https://www.instagram.com/p/CXiJlvcMKxD/?img_index=2

2021 жылдың 16-желтоқсан күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай 7-8 класс оқушылары арасында футзалдан жарыс өтті.

https://www.instagram.com/p/CXsjyGtMube/?img_index=2

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Таяуова С.Ж. мен Батырғалиев Б.К. қысқы демалыс алдындағы құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын-алу мақсатында 9-11 класс оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CYBbp-2sy_i/?img_index=2

«Жаңа жыл – жаңа бастама» тақырыбындағы 2 Ә класында өткен танымдық сабақтан үзінді.

https://www.instagram.com/p/CYB2l87puOd/

Тәуелсіздікке 30 жыл «30 қайырымды іс» акциясы аясында «ЖЫЛЫ ЖҮРЕК – ЖОМАРТ ҚОЛ» іс-шарасы бойынша №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің дене шынықтыру, эстетика мен бастауыш класс бірлестіктері және де пән мұғалімдері бірлесіп, аз қамтылған, толық емес және көпбалалы отбасыларға материалдық көмек қолын созу мақсатында жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады.

https://www.instagram.com/p/CYDscvuswCM/?img_index=2

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 2021-2022 оқу жылы бойынша 30.12.21-09.01.22ж. аралығындағы «Қазақстан балалары – қысқы ертегі» - қысқы демалыс кезіндегі жүргізілетін іс-шаралар жоспары бойынша «Өз қолыңнан жасалған сыйлық – ең керемет сыйлық» көрмесі

https://www.instagram.com/p/CYD6ySMspzV/

https://www.instagram.com/p/CYEMWeRMarW/

https://www.instagram.com/p/CYEM7TKMJcW/

https://www.instagram.com/p/CYEOSCaM4A_/

«Жаңа жыл – жаңа бастама» тақырыбындағы 2 Б класында өткен танымдық сабақтан үзінді.

https://www.instagram.com/p/CYGI4d5pl3h/

https://www.instagram.com/p/CYGJW_WJrCM/

https://www.instagram.com/p/CYG4a7xp9pE/

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің жас ұстаздарынан құралған хор. Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Елім деп соққан жүрегім» атты мерекелік концертте өнер көрсетті.

https://www.instagram.com/p/CYHIms_p4Gh/

2022 жылдың 11-желтоқсан күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің мұғалімдері Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында жасаған баяндамасын тыңдады. Президент елімізде соңғы уақытта орын алған мәселелерге қатысты үндеу жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев ел өмірінде орын алып отырған жағдайды бүге-шігесіне дейін баяндай келіп, ел болашағының айқын бағыт-бағдарын нұсқап көрсетіп, сара жолымызды салмақпен саралап берді. Ел басына іс түскен шақта халықтың күш-қуаты бірлікте екендігі айқын көрінді.

https://www.instagram.com/p/CYnjk8yoJme/

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде Ақтөбе техника-технологиялық колледжінің маманы мектебіміздің 9, 11 класс білімалушыларымен кездесіп, аталмыш колледждегі ұсынылған мамандықтар бойынша толыққанды ақпарат берді.

https://www.instagram.com/p/CZJoxd2Mv4Y/

Ақтөбе облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ-ның ұйымдастыруымен 2022 ж. «Балалар жылына» орай облысымыздағы жастар мен жасөспірімдерді қайырымдылыққа тарту мақсатында «Біз біргеміз» атты волонтерлер арасында кең ауқымды облыстық сайыстың аясында, мектебіміздің волонтерлар тобы қала көшелерінде ауыр қолдорба көтерген адамдарға көмек қолын созды.

https://www.instagram.com/p/CZURPz3M0UL/?img_index=2

"Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндік шара аясында "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының еңбек жолы мен шығармашылығы туралы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CZdv20qJr5R/

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде "Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндік шара аясында "Балаға жүрек жылуы" тақырыбында класс сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CZjiro3saAI/?img_index=2

“Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы” онкүндігі аясында 4”В” класс мұғалімі Нотанова Жанат Ибадуллақызы “Баланы Адам қылып өсіру” тақырыбында ата-аналармен рухани әңгіме жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CZlmGILssPh/?img_index=2

“Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы” онкүндігі аясында 1-6 кластар аралығында көрме ұйымдастырылды. Оқушылар өз қолдарымен жасаған ғажайып жұмыстарын ұсынды.

https://www.instagram.com/p/CZt9oa0skCv/?img_index=2

#3 қалалық кітапхана мен #39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі бірлесіп, көрнекті жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Рахмет Өтесіновтің 95 жылдық мерейтойына орай “Алыстағы алау” әдеби сторителлинг (эссе) өткізілді. Мектеп оқушыларлары аты аңызға айналған ақын, жазушының өмір жолы, шығармашылығы және жарық көрген кітаптарымен танысты.

https://www.instagram.com/p/CZynOcvjQnh/

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде "Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндік шара аясында «Ән көңілдің ажары» атты ән байқауы өтті.

https://www.instagram.com/p/CZzHJvds9js/?img_index=2

Отбасы құндылығын арттыру және әкелер институтын дамыту мақсатында мектебімізде 1 – 11 класс оқушылары мен мектепалды даярлық топтарының әкелері арасында «ӨНЕРЛІ ӘКЕ» байқауының мектепішілік кезеңі өткізіледі.

https://www.instagram.com/p/CZ3VLqzjWsY/

2022 жылдың 12-ақпан күні №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде 5-6 класс оқушылары арасында футзалдан мектепішілік жарыс өтті

https://www.instagram.com/p/CZ9iV4XMl8x/?img_index=2

**Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.
Бағалау критерийлері: туған және мемлекеттік тілдерді білу; этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ және өз халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы мақтаныш сезімін және жауапкершілігін көрсету; Қазақстандағы өзге ұлттардың этникалық мәдениеті; Қазақстанның басқа этникалық топтарының мәдениеті; этносаралық татулық пен келісім.Аталған бағыт бойынша мектеп оқушыларымен көптеген іс-шаралар жоспарланып,
жұмыстар жүргізілді. А.Құнанбаев «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...»,«Қызым саған айтам....» қыздармен кездесу,«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы»тақырыбында дөңгелек үстел(8-11 кластар),«Ұлы Абайдың туғанына 175 жыл»толуына «Мақсатым тіл ұстартып,өлең шашпақ!»жас ұстаздар арасында мәнерлеп оқу челленджі,«Абай дара,Абай -дана»оқушылар арасында мәнерлеп оқу челленджі байқауы,Ұлттық мұражайларға саяхат,«Көктем аруы»,
«Қош келдің ӘЗ НАУРЫЗ»танымдық сабақтар,«Жыл басы -Наурыз»мерекелік іс-шаралар (танымдық сабақтар,байқаулар),«Достық. Бірлік. Ынтымақ» ұлттық би байқауы;
№3 Қалалық кітапханамен № 39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп кітапханасымен бірлесе, Ұлтымыздың ұлы мерекесі Наурыз мейрамына зор көңіл бөліп атау өту мақсатында «Қош келдің -әз Наурыз!» атты әдеби караоке( ұлттық салт-дәстүрлер жиынтығы) өткізілді, 5 а класс оқушылары белсенді қатыст Мақсаты: Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру. https://aqtobemektep39.edu.kz/kitapkhana-yzmeti/k-pshilik-is-sharalar.html
«Қош келдің, әз Наурыз» тақырыбында өткізілетін іс – шаралар жоспары аясында мектеп кітапханасының ұымдастыруымен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» интеллектуальды байқау 6

классоқушылары арасында өткізілді. Мақсаты: Мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету.Тәрбиелік мәні: адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу. https://www.instagram.com/p/CbH1Xm4MTRC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясына сай тарих бірлестігінің пән мұғалімдері мектеп кітапханасына М.Әуезовтың төрт томдық «АБАЙ ЖОЛЫ» роман-эпопеясының жаңа басылымын сонымен қатар мектеп оқушыларына әдеби кітаптар табыс етілді. Акцияның мақсаты: Мектеп кітапхана қорын көркем әдеби кітаптармен толықтырып оқушылардың сұраныстарын орындау.Көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен жастардың қызығушылығын арттыру. https://www.instagram.com/p/CXVbUaAsYeJ/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

" Бір ел - бір кітап" республикалық акциясы аясында оқуға ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары таңдалып оқу ұсынылды, мектеп кітапханасында «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында кітап көрме жасақталып библиографиялық шолу жасалды. Шараға 6 б кл оқушылары қатысты.
Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетті насихаттау, тарихи-мәдени және рухани мұраны сақтау, жастарды адамгершілік-патриоттыққа тәрбиелеу, ана тілін құрметтеу. Алаш партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың (1872-1937) туғанына 150 жыл толады. https://www.instagram.com/p/CcQFtuLMVID/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

**20 қараша күні «Рухани жаңғыру-ұлт болашағы»тақырыбында класс жетекшілер бірлестігінің семинар – практикумы өткізілді.**Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, класс жетекшілер, мектеп психологтары қатысты.**Мақсаты:**Мектептегі класс жетекшілердің тәрбие берудегі рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында іс-тәжірибесін арттыру шараларын ұйымдастыру. Өзара тәжірибе алмаса отырып, өскелең ұрпаққа рухани байлығымызды дәріптеу, ұлттық тәлім-тәрбиені жастардың бойына сіңіре отырып, эстетикалық сана-түйсінігінің терең қалыптасуына, ізгілік пен адамгершілікке баулу;
- ұлтымыздың мәдени өнер саласындағы жетістіктерін насихаттап, оның өркендеуіне ықпал жасау.

Мамыр айының 6-ы күні « Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,.......»
ақын Төлеген Айбергеновтың ескерткіш-мүсініне гүл щоғын қою іс-ашарасы ұйымдастырылып, мектеп оқушылары ат салысты.**Мақсаты :**Қала аумағында орналасқан Отан қорғаған тарихи тұлға Төлеген Айбергеновтың ескерткіш – мүсініне құрмет көрсетіп, өмірбаянына тоқталып,салтанатты түрде гүл шоғын қою.

**«Тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасы»** атты тәрбие айлығының іс – шаралар жоспары бойынша және 2022 жыл – Бала жылына орай **«Дәстүр – ғұрып»** жобасы аясында **«Қазақтың ұлттық ойыны – ұлт қазынасы»** атты қалалық байқау өткізілді.САЙЫСТЫҢ МАҚСАТЫ:Оқушыларды ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету, мектеп оқушылары арасындағы байланысты нығайту, үлкенді сыйлауға құрметтеуге тәрбиелеу.

2021 – 2022 жылдың 17 - наурыз күні сағат 15:00 де №39 ҚОЖББ мектеп мәжіліс залында 9 – 11 класс «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелерінің арасында **«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ – 2022»** байқауы өткізілді.**Байқаудың мақсаты:** Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру.Әр баланың бойындағы қабілеттерін : ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету,тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

«Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз»атты тақырыбында Наурыз мерекесіне орай «БАУЫРСАК ПАТИ»мерекесі ұйымдастырылып,1-11 класс ата-аналары ұлттық тағам бауырсақ пісіріп әкеліп қатысты.**Мақсаты:**1.«Рухани Жаңғыру»бағдарламасы аясында , «Бала жылы» бағдарламасы аясында ұлттық салт-дәстүрді дәріптей отырып, балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі отбасылық салт-дәстүрлерді дамыту;2.Ұлттық тағамымыз бауырсақтың әртүрлілігімен, пісірілу ережесімен таныстыру.3.Ата-ана мен оқушы және мектеп байланысы мен ынтымақтастығын арттыру;

Сондай-ақ Наурыз мерекесіне орай «Дәстүр-ғұрып»жобасы аясында ата-аналармен «Домбыра пати»мерекесі өткізіліп, ата-аналар ат салысып қатысты.

20-қараша 2021 жыл №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Рухани жаңғыру – ұлт болашағы» атты мұғалімдерге арналған семинар-практикум өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CWgNpsMs5D5/?img_index=2

**Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі**

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Критериалды бағалау:Өзінің жанұясы мен ұрпақтарына; отбасы құндылықтары мен моральдық қағидаларды сақтау арқылы отбасы мен неке құндылықтарына этноәлеуметтік рөлге құрмет көрсету, қастерлеу.Отбасылық тәрбие беру бағыты және ата-аналар қауымдастығымен жұмыстар жүргізуде мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылып келеді.«Отбасым – асыл қазынам» апталық (кластар бойынша тапсырмалар),«Мен және менің отбасым:Біз Салауатты өмір салтын қолдаймыз!»Толағай сайысы,«Отбасы-Мектеп»жобасы аясында «Әкелер», «Аналар»мектебінің семинары, Ата-аналар жиналысы №2,«Отбасы-мектеп»жобасы толағай сайысы«Ең үздік оқырман АТА-АНА»байқауының күзгі кезеңі,«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»тақырыбында эссе,шығарма жаздыру,«Отбасы-мектеп»жобасы«Тәуелсіздік өрендері»отбасылық ән байқауы,Ата-аналар жиналысы №3,«Отбасы-мектеп»жобасы «Жүректен-жүрекке»қайырымдылық акциясы,«Ең үздік оқырман АТА-АНА»байқауының қысқы кезеңі,«Отбасы-мектеп»жобасы «Тәрбиенің бастауы-ата-ана»дөнгелек үстел,«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» байқауы,«Отбасы-мектеп»жобасы «Менің отбасым-менің мақтанышым»сахналық көрініс,«Ең үздік оқырман АТА-АНА»байқауының көктемгі кезеңі,«Отбасы-адам тұлғасының бесігі»тәрбие айлығының іс шаралары;
39 ҚОЖББ мектебінде отбасы күні мерекесіне орай, "ОТБАСЫМ ЖӘНЕ МЕН" тақырыбында бастауыш класс оқушылары арасында сурет-көрме жұмыстары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CTkBR9JjtNc/

https://www.instagram.com/p/CTkBYc9DviE/

https://www.instagram.com/p/CTkBbE8j8lk/

https://www.instagram.com/p/CTkBeO2DycO/

https://www.instagram.com/p/CTkMMvLDm8A/

https://www.instagram.com/p/CTmLeuGsZ1S/

https://www.instagram.com/p/CTmLiImsZhz/

https://www.instagram.com/p/CTofAPSsLtm/

https://www.instagram.com/p/CTofnjmsXCC/

https://www.instagram.com/p/CTo06EjsyUL/

https://www.instagram.com/p/CTo1bobsp2U/

https://www.instagram.com/p/CTpNkt-s1Se/

https://www.instagram.com/p/CTwRdZbs-_q/

https://www.instagram.com/p/CTwRmOiMmY5/

Қыркүйек айының 15 күні Отбасы күніне орай 2- 7 класс оқушылары арасында «Біздің тату жанұя» сурет байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: балаларға өзінің жанұясын, оның бірлігі мен татулығын, жақын адамдардың қарым-қатынасын көркем өнер құралдары арқылы көрсетуге мүмкіндік беру.Ең үздік деп танылған 3 оқушының жұмысы қалалық оқушылар сарайының дипломдарымен марапатталды.

Қазан айының 23-і күні «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» мектеп әкелерімен семинар өткізілді. **Мақсаты :** Баланың бойындағы ер мінезділік, өжеттілік, мәрттік қасиеттер әке арқылы қалыптасады. Әкенің бойындағы қасиет балаға беріледі немесе «жұғады». Қазір балабақшадағы, мектептегі, университеттегі тәрбие әйел адамдардың қолында екендігі де жасырын емес. Әсіресе осы кезеңде әкенің тәрбиеге араласуы өте маңызды.Сонымен қатар «Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі» **Мақсаты :** Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн.

"БІЗДІҢ ТАТУ ЖАНҰЯ" тақырыбында облыстық жас суретшілер байқауы

https://www.instagram.com/p/CU-F-qXsIj7/

23-қазан 2021ж. №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жүзеге асыру мақсатында «Отбасы – мектеп» жобасы аясында әкелер мектебінің мүшелерімен семинар өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CVXeUGHMcvk/?img_index=2

23 қазан күні «Бала тәрбиесіндегі класс жетекшінің рөлі» тақырыбында класс жетекшілеріне семинар ұйымдастырылды. **Мақсаты :** 1. «Саналы ұрпақ-ұлт болашағы»тақырыбында баяндама. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата –ана және қоғам;
2. Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге адалдықпен, асқан жауаптылықпен атсалысу - ата – аналар мен ұстаздардың, әсіресе, сынып жетекшісінің басты парызы екенін айту;
3. Сынып жетекшісі өз оқушыларын ұжымдық әрекетте ауызбіршілікте болуға, сыныпта дәріс беретін мұғалімдер мен тіл табыса білуге, оқушылардың ата-аналары мен байланыста бола отырып жұртшылықпен бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіре білетін ұйымдастырушы.
22 - Наурыз мектебімізде «Келіні жақсының – керегесі алтын!» тақырыбында ұстаздар арасында онлайн байқау ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтеу.Байқау 3 кезеңнен тұрды:Өзін – өзі таныстыру;Өз өнерін көрсету;Дәм думан. (1 ұлттық тағамды дайындап, көрсету)Байқауға мектебіміздің 7 ұстазы қатысты. 3 – тур бойынша жұмыстарды видеоролик арқылы жіберіп, әділ – қазылар алқасы критерилер бойынша бағалады. Наурыз айының 5 күні 2 және 6 класс қыз балалары мен аналары арасында ***«Мен анамның ханшайымымын!»*** байқау өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана алдындағы парызы мен қарызы туралы білім беру. Балаларды анаға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый құрметке тәрбиелеу.
Ең алдымен байқаудың шымылдығы ***«Қаражорға»*** биімен ашылды.
Байқауға 7 анасы мен ханшайымы қатысып, әр кезең бойынша өздерінің бақтарын сынады. Сайыс 4 – кезеңнен құралды.***«Мен анамның ханшайымымын!»*** байқауының бірінші кезеңі «Сәлем – сөздің атасы» таныстыру, яғни анасы мен ханшайымдары бір – бірлерін таныстырды.

Сайыстың екінші кезеңі өнер сайысы. Анасы мен мен ханшайым өз өнерлерін көрсетті.

Сайыстың үшінші кезеңі «Ас адамның қуаты» деп аталды. Яғни тағамдар сайысы. Анасы мен ханшайымы үй тапсырмасы бойынша дайындаған тағамдарын бейнероликтен көрсетіп, асты әділ – қазылар алдарына ұсынды.

Сайыстың соңғы төртінші кезеңі «сән үлгісін» көрсету. Анасы мен ханшайымы кешкі сән үлгісін көрермен ге және әділ – қазылар алқасына ұсынды.

Әр бір кезең бойынша сайысқа қатысушы анасы мен ханшайымы белсенділікпен қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша:

1. Жүлделі «Бас Жүлдеге» 2 «А» класының ханшайымы Бірімбет Айзере мен анасы Касаева Бибіт Нурикешевна;
2. Жүлделі 1 орынмен 2 «Ә» класының ханшайымы Мусаева Айзере мен анасы Жумабекова Құндыз Бакитжановна;
3. Жүлделі 1 орынмен 5 «Б» класының ханшайымы Әділбаева Аруназ бен анасы Жанкараева Айкерим Айсұлтановна;
4. Жүлделі 1 орынмен 6 «А» класының ханшайымы Изгалиева Айсана мен анасы Изғалиева Қарлығаш Махсутовна;
5. Жүлделі 2 орынмен 2 «В» класының ханшайымы Суюндыкова Назерке мен анасы Суюндыкова Алия Тныштыкбаевна;
6. Жүлделі 2 орынмен 3 «А» класының ханшайымы Сакен Мадина мен анасы Мустафа Гүлсезім Кендебайқызы
7. Жүлделі 3 орынмен 3 «Б» класының ханшайымы Кадралина Камалия мен анасы Кудьярова Шолпан Гапаровна марапатталды.

***«Мен анамның ханшайымымын!»*** байқауының қорытындысын Әділ қазылар алқасы ұпай сандарын шығарғанша 2 «Ә» класс бүлдіршіні Кенжегулова Райианның орындауында **«Анашым»** әнімен аяқталды.

Наурыз айының 16 күні 1 және 4 класс оқушылары мен әжелері арасында ***«Дәстүрімнің балқаймағы - ӘЖЕЛЕР!»*** байқауы өткізілді. Мақсаты: жанұядағы әже мен немере арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Қазақтың салт – дәстүр, әдет – ғұрыптарын бойға сіңіру. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу.***«Дәстүрімнің балқаймағы - ӘЖЕЛЕР!»*** байқауына 3 немере мен әжесі қатысты. Байқау 6 – кезеңнен құралды және әр бір кезең бойынша әжесі мен немересі өз бақтарын сынға салды. ***«Дәстүрімнің балқаймағы - ӘЖЕЛЕР!»*** байқауының бірінші кезеңі «Сәлем - сөздің анасы» таныстыру, яғни әжесі мен нересі бір – бірлерін таныстырды.

Екінші кезеңі «Сиқырлы қоржын» әжелер (ұлттық салт – дәстүрлер) туралы сұрақтарға жауап берді.Байқаудың үшінші кезеңі «Өнерліге өріс кең» әжесі мен немерелері ортаға өз өнерлерін көрсетті.Төртінші кезеңі «Шебердің қолы ортақ» үйден дайындаған қолөнер жұмыстарын, оның жасалу жолдарын әжесі мен немересі көрермен әділ – қазылар алқасына көрсетіп, түсіндірді.

Бесінші кезеңі «Қазақы дастарханым» үйден өз қолдарымен дайындап әкелген ұлттық тағамдарын әділ – қазылар алқасына ұсынды.

Байқаудың соңғы алтыншы кезеңі «Салтым – асыл қазынам» әжесі мен немерелері ұлттық салт – дәстүрден көрініс көрсетті.Әр бір кезең бойынша сайысқа әжесі мен немерелері белсенділікпен қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша:

1. Жүлделі 1 орынға ие болған 1 «Ә» класының оқушысы Сисенбай Арайлым мен әжесі Ынта әжей;
2. Жүлделі 1 орынға ие болған 1 «В» класының оқушысы Абдыгалиев Сардар мен әжесі Гүлнар әжей;
3. Жүлделі 1 орынға ие болған 4 «В» класының оқушысы Кәдірбай Дильназ бен әжесі Гүлбану әжей марапатталды.

Наурыз айының 14 күні 1 және 7 класс оқушылары арасында «Қазағымның дәстүрлері – ай» атты ұлттық әндер байқауы өткізілді.Мақсаты: отбасы құндылықтарын өскелең ұрпақтың жадына сіңіру, халқымыздың бай салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарын дәріптейтін әндерді жаңғырту, жастарды рухани тәрбиелеуге ықпал ету, қоғамның отбасыға деген құрметін нығайту.«Қазағымның дәстүрлері – ай» атты ұлттық әндер байқауына 17 қатысушы оқушылар қатысты. Оқушылардың ұлттық әнді орындау шеберлігі, ұлттық киім – киюі, өзін – өзі ұстауы, сахна мәдениетін сақтауы талаптары арқылы бағаланды.

«Қазағымның дәстүрлері – ай» тақырыбында өткен ұлттық әндер байқауына мектеп оқушылары белсенділікпен қатысып, байқау қорытындысы бойынша бағаланып, жетістікке жеткен оқушыларымыз марапатталды.

«Бір отбасы – Бір кітап» акциясы аясында оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру мақсатында Джулаевтар отбасы Шерхан Мұртазаның 4 кітаптан тұратын ұлт, қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірбачны негізінде жазылған «Қызыл жебе» романын оқуда. Мақсаты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға

шақыру,отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру .Көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен жастардың қызығушылығын арттыру. https://www.instagram.com/tv/CWS3MxEj2kx/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

20 – қараша күні мектебімізде **«Рухани жаңғыру»** бағдарламасын негізге ала отырып **«Отбасы мектеп»** жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді.Жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын - алу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлін көрсету.

**2021-2022 оқу жылы бойынша Бала жылына орай«Тағылымды тәрбие - бала болашағының іргетасы»тақырыбында тәрбие айлығының іс-шаралар жоспары бойынша, «Тағылымды тәрбие бала болашағының іргетасы»тақырыбында тәрбие айлығының ашылуы** жиын,Оқуға құштар мектеп жобасы:«Ертегілер әлеміне сыр шертейік» (5-6 кластар)сурет байқауы,«Болашақ және жастар!»дебаттық сайыс,1 мамыр Халықтар бірлігі мерекесіне танымдық сабақтар(1-11кластар)«Бала-болашақ кепілі»ашық сабақ Театр жобасы:«Менің атым Қожа»сахналық қойылым ,«Татулық -достықтың киелі бесігі» 3 «б»класы ашық сабақ,Тоғызқұмалақтан мектеп біріншілігі сайыс,Футболдан мектеп біріншілігі(7-8 кластар)жарыс,Баскетболдан жолдастық кездесу қалалық жарыс «Бірлігіміз жарасқан» (5-6-8-10кластар)мерекелік ұлттық шеру «Қазақстан-біздің ортақ үйіміз(2-5кластар)сурет байқауы, Оқуға құштар мектеп жобасы: «Білімнің көзі -мектепте»танымдық сайыс сабақ,7 мамыр ОТАНҚОРҒАУШЫЛАР күніне танымдық сабақтар«Ұрпаққа үлгі-ерлік»(8 «в»класы)ашық сабақ,9 мамыр ЖЕҢІС күніне танымдық сабақтартанымдық сабақ,«Тұғырдан түлеп ұшқан жас қырандар,аттанып барады өмір көктеміне!» 11«а»класы мерекелік кеш, «Ұшырса ұямыз, қалайша қиямыз!»11 «ә»класы мерекелік кеш,«Аттандық балалық шақтан -болашаққа!» 11«б» класы мерекелік кеш,7 мамыр Отан қорғаушылар күнініе орай«Жасұландар мақтанышы елімнің!»(7кластар)мерекелік кеш,«Әскери жолмен,жігерлі Ұлан болайық» әке мен бала арасындағы патриоттық ән байқауы (5-10кластар)«Қазақтың ұлттық ойыны-ұлт қазынасы»қалалық байқау,«Балалар әлемінің ұлы ұстазы»(5 кластар)сайыс,15 мамыр Халықаралық отбасы күніне танымдық сабақтар ,«Отбасым-бақыт мекенім»2 «ә»класы ашық сабақ ,«Бақытты отбасы -зорлық-зомбылықсыз әлем»ата-аналармен дөңгелек үстел,Волейболдан жолдастық кездесу,«Ұлттық ойындар-Ұлт қазынасы»(2-3 кластар)интеллектуальды жарыс іс-шаралары жоспарланып өткізілді. **«Отбасы-Мектеп»жобасы аясында** 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойыншамектеп оқушыларының жетістіктерін жариялай отырып, ата-аналарды марапаттау үшін «Жұл дыздысәт»ұйымдастырылып,ата-аналар «Алғыс хатпен»марапатталды.Мақсаты: Ата-ана мен мектеп,оқушы ынтымақтастығын нығайту,өзара байланыс пен ауызбіршілікті арттыру.

Отбасы құндылығын арттыру және Әкелер институтын дамыту мақсатында **«ӨНЕРЛІ ӘКЕ»** мектепішілік байқауы өткізілді.**Байқаудың мақсаты:**Ата – аналар ішінен өнерлі әкелерді анықтау және оларды ақпараттық – әдістемелік қолдау.Әке мен бала арасындағы өзін – өзі басқару мен шығармашылық қасиетін дамыту.Әкелердің ұшқыр ойлы қабілеттерін арттыра отырып, ұлттық өнерді насихаттау,Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыру, патриоттық тәрбиеде тәрбиелеу.Мектебімізден байқауға қатысамыз деп өтініш білдірген 20 өнерлі әке анықталды.

«Анаға тағзым» рухани-адамгершілік кешенінде 15 мамыр Отбасы күніне орай мамыр айының 16-ы күні «Отбасы-ұлттың тірегі»тақырыбындағы кеші ұйымдастырылып, мектебіміздің көпбалалы жанұялары Шотовтар мен Айжановтар қатысты.**Мақсаты:** а) «Аналар»институты жұмысының маңызды құндылығы туралы түсініктерді, **отбасы** туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, **отбасы** игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;б) **отбасы**ның негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, **отбасы** тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту; в) **отбасы** тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау

**Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

Критериалды бағалау:кәсіптік білім мен өнімділікті дамытуға жауапты қатынастың көрінісі; мамандық таңдаудағы жауапкершілік; қызмет орнында көздеген мақсаттарына жету;

экономикалық және экологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына деген оң көзқарас; өсімдіктерге, экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, айналаңыздағы адамдар және өзіңізге құрметпен қарау; «адам - қоғам - табиғат» жүйесі; қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі іс-шаралар; нарықтық экономиканың заңдарын түсіну; экологиялық қауіпсіз мінез-құлық нормаларына, қоршаған ортаны құрметтеуге деген саналы көзқарастың көрінісі. Бағыт бойынша жоспарланған іс-шаралар тізбесі. «Біз тазалықты қолдаймыз!» отбасылық челленджі,«Осень в объективе» фото байқауы, «Біз тазалықты қолдаймыз!» отбасылық
